

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы

08.09.2023ж

Қатысқандар: 18

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс шаралары жөнінде
4. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту

1.Тыңдалды: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап б/б меңгерушісі Н.Арапова таныстырып өтті: Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен зерделесек, жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан-жақты азамат етіп тәрбиелеу мәселесі қашан да халқымыздың басты арман мұраты болып келген. Осыған орай, қоғамда білім беру және ғылым беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кәзіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда білім мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтерудің міндеті тұр. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманатына қиянат жасамауымыз қажет. Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, әдемі, қауіпсіз де ыңғайлы болуын ескерту қажет. Жалпы топтарға тоқталсам бұрыштарды әле де толықтыра түсуді, мазмұндарын өзгертуді тапсырамын. Дамытушы ортаға қажетті құралдарды әрине ата – аналардың көмегінің толықтыра лмаспыз. Бірақ балаға ойынға қажетті құралдар қызықты болу үшін де ойластыру керек. Үлестірмелі материалдарды көбейту, үстел үсті ойындарын шолып, қораптарға салу. Балалар жұмысынан әдемі, көрме ұйымдастыру, ұжымдық жмыстарға тарту қажет. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтып, қимыл іс –әрекет етуге ықпал етуіміз керек. Үлкендермен құрдастармен қатынасқа түсіп, тіл байлығы, ой – өрісі артады. Қимылды ойындар атрибуттарын жаңартуды, толықтыруды тапсырамын. Табиғат бұрыштарына дәнді дақылдар жинақтап, гүлдерден гербарий жасауға қазір деген уақыты. Жыл бойына ізденіп, материалдар жинақтап, безендіру жұмыстарын аяқтауды тапсырамын.

2.Тыңдалды: Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Б.Байжанова сөз алды: Ия, жаңа сәби тап –таза ақ парак секілді. Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата –анаға байланысты. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып. Баланы тәрбиелеудегі мақсатымыз оны жан –жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні бар. Өйткені тәрбиелі ұрпақ ата-ананың мақтанышы . елдің ертеңі. Ата-аналармен біріге отырып балалардың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалыққа үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке бастап, тәлім-тәрбие беру.

Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысында дәстүр бойынша балабақша мақсаттарымен таныстырып , ата-аналар комитетін сайлау, ата-аналармен қарым қатынас орнатуда қызықты сұрақтар қойып доп беру арқылы жауап алу, сонымен бірге медбикенің тазалық жөнінде кеңестері жоспарланған. Жауапкершілікпен өткізейік.

3.Тыңдалды: Тіл мерекесінен арналған апталық жөнінде б/б меңгерушісі Н.Арапова сөз алды: Қазақ тілін білу Қазақстанның әрбір азаматының мектеп жасына дейінгі кезден

бастап үйренетін міндеті мен борышы, қоғамдық өмірге белсенді араласуы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын ынталылық көрсеткіші. Мектепке дейінгі білім беру стандартының Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Шығармашылық сөйлеу әрекетін дамыта отырып ана тілімізді құрметтеуге, мақтан етуге тәрбиелеуіміз керек.

Осы мақсатта түрлі іс шаралар жоспарлануда, іс-шаралар, сабақ емес ойын түрінде өткізілуін тапсырамын. Сахналау, кейіптендіру, желілі-рөлдік ойындар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар сайысын өткізу арқылы балалардың тілін дамытамыз.

4.Тыңдалды: Ересек топтың тәрбиешісі С.Жунисова «Алтын күз» мерекесінің жоспарымен таныстырды. Топтағы балалар екі топқа бөлініп, әр мезгіл туралы ән-тақпақтар, табиғат құбылысын көрсететін би қимылдар, ағаштардың түсі сияқты қойылымдар даярлауда.

Ортаңғы топ тәрбиешісі И.Жұмабек балаларының билерін, жеке дауыста ән дайындап жатқындығын айтты. Кіші топ балалары қонақ болып қатысып, жемістер жеп, мерекеге қатысады деп шешілді.

Шешім:

1. Дамытушы орталар мазмұны толықтырылсын. Жауапты: тәрбиешілер
2. Жалпы ата-аналар жиналысы өткізілсін. Жауапты: әдіскер Б.Байжанова
3. Қыркүйектің 18-22 тіл апталығы атап өту. Жауапты: әдіскер, сазгер, тәрбиешілер
4. Бағдарлама бойынша «Республика күні» мен «Күз мерекесін» жауапкершілікпен атап өту. Жауапты: әдіскер, сазгер, тәрбиешілер



Меңгеруші жанындағы кеңестің № 2 хаттамасы

03.11.2023ж

Қатысқандар:18

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. «Республика күні»,«Алтын күз»мерекелерін талқылау.
3. «Тәуелсіздік күні,жаңа жыл мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
4. Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы тақырыпты тексеру қорытындысы.

Тыңдалды. : Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол кісі өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша айта кетер болсақ «Алтын күз» мерекесі өте жақсы өтті. «Күздің сыйы» атты көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеге ата аналар күзде пісетін дәнді дақылдардан балалармен жасаған өздерінің қолөнерлерін алып келді. Ата аналар өздерінің жұмыстарында баланың қиялындағы күзгі табиғат көрінісін,ертегі кейіпкерлерін әсем бейнемен көрсету арқылы баланың қиялын дамытып,шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлестерін қосты. Балабақша балалары көрмені қызыға тамашалады. Және де Ортаңғы топ тәрбиеленушісі Алайдар Айкөркемнің орындауындағы жеке дауыстағы ән өте керемет шыққан.

Үшінші мәселе бойынша айтатын болсақ, «Тәуелсіздік күні»

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік өткізу. Өз Отанына ,туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып,ана тілін,әдет ғұрпын,салт дәстүрін сақтай білуге патриоттық сезіміне тәрбиелеу. Әрбір жеке тұлғаның еркін сөйлеп,өз пікірін,ойын айта білу қабілетін дамыту керектігін айтып өтті. Жаңа жылдық шыршаға дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Төртінші мәселе: «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы »тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша меңгерушісі Н.Арапова таныстырып өтті: бала танымдық ортаны әр түрлі таным тәсілдері арқылы меңгереді, мысалы: топтастыру, салыстыру, бөлу, қорытындылау, пайымдау, жалпылау, көру, ұстау. Баланың білім құмарлығы табиғи нысандар мен құбылыстарды ықыласпен түсінуі үлкендер үшін баланы әлем, табиғатпен таныстыру арқылы жүзеге асатын негізгі нүктесі. Балаларды қоршаған ортамен өсімдіктер мен жануарлар, жаңбыр, қар, найзағай, судың, құмның қасиеттерімен толығырақ нақты таныстыру маңызды.

Тәрбиешілер: Ересек «Ақкөгершін» тобында желтоқсан айының апталық жоспарында серуенде бақылауға алынған нысандар мен тақырыптар

- Ауа райына, шыбынға, дәріханаға, бұлтқа, қарға, мұзға, кара торғайға, шыққа, желге, үлкендер еңбегі, сауысқанға. Ұй жануарларына, жаңбыр, көлік, қарғаға, күнге.

Ұсыныс: Тұман, бұршақ, қырау, тамшы судың қатып мұз болуына, күн қысқарды, қардың жаууы, пішіндері, құрғақ, ылғалдығы, қар тазалау жұмыстарын, терезедегі қыстық аяздың өрнектерін бақылау.

Ортаңғы топта

- Ауыздағы бу, тұман, ағаштарға, шөптерге, желге, қардың еруі, күнге, ұшып жүрген құстар, от жағушының еңбегіне, маұржадан шыққан түтін, көліктер, күннің суықтығы, үй шатырындағы қар, жердегі мұз, ағаштардағы қарға.

Ұсыныс: Қыстың сұлулығы, қар ұлпасына, қар үстіне сурет салу, мұз тайғанақ екенінен, жыл мезгіліне сәйкес жылы киімдеріне, мұрындағы түтін, құрғақ және ылғал қар, суды бояп қатыру.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерін өткізген тәрбиешілерге өте жақсы деген баға берілсін.
- 3 «Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің сценарийлерін бекітілсін.
4. Тақырыпты тексеру ұсыныстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.



**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

03.01.2023ж

Қатысқандар: 18

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.
3. Тәрбиеленушілердің білім деңгейлерін анықтау. Аралық мониторинг

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Н.Арапова – меңгеруші «Коммуникация» саласының ана тілін және мемлекеттік тілді меңгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс атауға, мәнерлеп әңгімелеуге, сөздік қорын байытуға мамандықтар, заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдер, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер арқылы үйретсек, қоршаған ортамен таныстыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабақтарында заттардың қасиеттерін, сапасын ажыратуда, тұрмыстық заттардың атауын атауда, заттарды жинақтап айтуда, ыдыстар, жемістер, көкөністер сөздерін сөздік қорыма енгізуде түрлі суреттер мен альбомадар жинағын пайдаланудамыз, ойыншық жайлы және сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруда байланыстырып сөйлеуге үйренсе, ертегілерді драмалауда балалардың сөздегі ырғақ мәнерінің тәсілдеріне үйренеді.

Балалар әңгіме құрастыруда, драмалағанда импровизация жасауды да қоса меңгеруде.

2.Тыңдалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйледі: Э.Орынбасарова – тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әңгімелер мен әндер орындалды. Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тапқақтар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Сөйледі: Ф.Бекшора – тәрбиеші осындай мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажырата біледі. Тарихи және мәдени құндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық, бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйледі: Б.Байжанова әдіскер- жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы жылқы жылының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ. Қаршақызбен кішкентай бүлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: И.Жұмабек – тәрбиеші біздің топтың балалары өте кішкентай болса да барлығы маскарадның киімде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тапқақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор, биде татулық таныта білді. Музыка әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты. Сыйлықтарға балалар қатты

қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапов балалардың білім білік деңгейлері бойынша аралық мониторингті айтып өтті. Аралық мониторинг тәрбиеленушілеріміз жас ерекшеліктеріне сай әдеттер мен дағдылары қалыптасып,қимыл іс-әрекеті,дене бітімі,батылдығы ,білімі,танымы да дамыған. Бағалану деңгейі жыл аяғына дейін көтеріледі деген сенімдеміз деді.

Шешім:

2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тақырыпты тексеру ұсыныстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.
3. Балалардың жан-жақты даму деңгейін көтеруде, оқу-тәрбие үдерісі жүйелі жүргізілсін.



**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы**

03.03.2024 ж

Қатысқандар: 17

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
3. Логикалық ойындардың жоспарлануы, өткізілуі. Тақырыпты тексеру қорытындысы. Ересек топ.

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балбақша меңгерушісі Н.Арапова тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: Мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың ұйымдастырылған іс –әрекеті үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты. Тәрбиеші ақпарат беруші, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденішу, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Оқу тәрбие үрдісін жоспарлауда әр тәрбиешіден үлкен еңбек талап етіледі. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақшамызда осы талаптарға сай мамандарымыз қалай жұмыс жүргізуде, оны өткізіп жатқан іс –шаралар, ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттерінен, мерекелік іс –шаралардан байқалады. Сон да, біз сапасын көп көңіл бөліп, толықтыра түсуіміз, ізденуіміз қажет деп ойлап, үлкен жауапкершілікке шақырамын» .

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балбақша сазгері З.Түлебаева сөз алды: «8-наурыз халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысты. Біз залды мерекеге түймедақтармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінді. Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік.

Ортаңғы «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Ф.Бекшора сөз алды. Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Ана –ең асыл жан» деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, тосын

сига «Көктем» келіп құттықтап, бірге ән салады, би билейді, «Ана» әні, тақпақтарымыз бар –деді.

Басқа топ тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балабақша меңгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, наурыз айының 7 күні өткізу тапсырып, бекітті.

3.Тыңдалды:

Балбақша меңгерушісі Н.Арапова ақпан айында өткен «Логикалық ойындардың жоспарлануы мен өткізілуі» атты тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталып өтті. «Ақкөгершін» тобы тәрбиешісі С.Жунисова ұйымдастырылған іс –әрекеттеріндегі жоспарларға сабақ мазмұнын, мақсатына қарай алынған. «Кім тез» үй, жабайы жануарлардың, жіктеп, бөліп жинау.

«Ойлан, тап» Ертегіден, әңгімеден үзінді оқиды. Балалар ертегі, әңгіменің атын атайды. Есте сақтау, ойлау қабілету артады.

«(Жануарлар не береді?)» суреттегі жануарлардың келесі бетте не беретінін тауып, сызып қою.

«Жылы және суық түстер» Естеріңе түсіруге мысал келтіреді, күнге жақын сары, қызыл, қызғыш, суық түстер: сұр, қара, көк.

«Бағдаршам» Тақырыпқа байланысты заттарды дұрыс атауға үйрету. дұрыс болса жасыл дөңгелек, қате болса қызыл дөңгелек көтереді.

«Мен не жасадым?» Серуенге барарда не істедім? (пальтомды кидім, шештім, қолғап кидім, етік кидім)

«Көңілді әуендер» Тәрбиеші неше рет сылдырлатса, сонша рет сылдырмақпен сылдырлату.

«Суреттегенді тап» Бір затты суреттейді, пішінін, түсін, қасиетін табады.

Апталық жоспарда мақал –мәтелдер, жаңылтпаштар, «Дамино», «Лото», «Сиқырлы қалта» ойындары жоспарланған.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты әдіскер Б.Байжанова
 2. 8-наурыз, Жыл бойы наурыз мерекелерін жауапкершілікпен, қызықты, әсерлі етіп өткізу. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: әдіскер: Б.Байжанова Сазгер: З.Тулебаева, тәрбиешілер.
 3. Ертеңгілік наурыз айының 7 күні өткізілсін.
- . Жауапты: әдіскер: Б.Байжанова. Сазгер: З.Тулебаева, тәрбиешілер.



**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 5 хаттамасы**

20.05.2024 ж

Қатысқандар: 19

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 8-наурыз,Наурыз мерекелерін талқылау.
3. Өнімді іс әрекеттер түрлерінің қамтылуы және жоспарлауы.таұырыпты тексеру қорытындылары. Ортаңғы топ
- 4.Жазғы сауықтыру шаралары бекіту.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды.Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, мерекелік мен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту. Өткен мерекеде балалар туысқандырымен балабақша қызметкерлеріне әндер, сый, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ –өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

Сөйлегендер: Әдіскер Б.Байжанова : осындай іс –шаралар арқылы ата –аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастарымен дұрыс бағдарын және баланың ата –анасына, жақындарына мейірі мен сыйластығы қалыптасады. Ата –ананың балның балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастармен қарым –қатынасын байқауға, мүмкіндік туады. Сол үшін бала үшін де ата –ана үшін де жағдай жасауға әрекет еттік.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша мерекелік іс –шара талқыланды. Тәрбиешілер өз ойларын білдіріп, өту деңгейіне баға берді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: Э.Орынбасарова

Ата –аналар осындай меркелер мен іс –шараларда тәрбиешілермен бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантты шыңдауға көмектескендей болады. Ата –аналармен қарым –қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ оң шешімін табуға әрекеттенеміз.

Тәрбиеші: С.Жунисова: Ия, аналар күніне арналған меркелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзінше әсерлі қызық болды. Кішкентай бүлдіршіндер өнерлерін салды. «Балауса» тобының «Әжетайым» әніне жасалған бөбектердің сахналық көріністеріне аналар мен әжелер де дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай –ақ, шуағын шашуда.

Меңгеруші Н.Арапова: Әрине мерекенің аты –мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл –күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлеуде

тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де зерек меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық. Маған «Айгөлек» тобының ата –аналармен ойыны ұнады. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініс тапты.

3.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алып, ортаңғы топта өткен «Өнімді іс –әрекеттердің түрлерінің қамтлуы және жоспарлануы» тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталды.

Ортаңғы «Қарлығаш» тобы, тәрбиешісі Ф.Бекшора
Өнімді іс –әрекеттерден:Құрастырудан қамтылған тәсілдер: оригами, қима қағаздан, сіріңке қорабынан, құрылыс материалдарынан: Гүлдер жасау: (оригами), жиһаз (Қағаз), «Үлкен үй» (ағаш бөліктері) Жүк машинасы «қима қағаздан, сиқырлы таяқшалар (таяқшалардан). «Трамвай» құрылыс материалдарынан. Жапсырудан заттық, декоративті (сәндік), желімі өз қалауымен түрлері қамтылған.

«Құстар ауласы» (Желілі)

«Бәйшешектер» (заттық)

«Сәукеле» сәндік

«Жайлауда» желілі

«Аққала» заттық

«Қоян» заттық

Мүсіндеу

«Әжеме арналған тағамдар»

«Кірпілер отбасы» (желілі)

«Аққала» (заттық)

«Қоян»(заттық)

Сурет

«Күн шуақтары»

«Алғашқы бәйшешектер»

«Сүйікті ойыншығым»

«Гүлді алма ағашатары»

«Қар түйіршіктері»

«Жолақты өрнекше әшекелейміз»

«Қандай заттың пішіні шыршаға ұқсайды»

Ұсыныс: Өнімді іс –әрекеттердің мемлекеттік стандарт ерекшелігіне сай саны дұрыс. Жоспарланған кезде түрлерінің қамтылуына келсек:

Құрастырудың жалпы техникалық және көркемдік түрлері болса, техникалық түріне құрылыс материалдарынан құрастыру да, көркемдік құрастыру да табиғи материалдар, қағаз, қалдық заттардан пайдаланады. Осы көркемдік құралдардың құрастыру түрлерін қамтуды, толықтыруды ұсынамын.

Және өнімді іс –әрекеттің қол еңбегін де апталық жоспарда енгізілсін.

Жапсырудан әртүрлі әдіс –тәсілдер енгізу: қағаз мозайкасы контур бойынша жұлу, мыжу, орау, түсі бірдей көлемдері әртүрлі пішіндерді ауыстырып жапсыру, дайын заттық бөліктерінен композиция құрау, табиғи материалдар жинақтау. Мүсіндеуден де, балалардың шығармашылығын дамытуда

мүсіндеген сұлбаны бояу, таяқшаға бекіту, табиғи заттарды пайдалану түрлерін қосу. Суреттен ұжымдық жұмыс және дәстүрден тыс техникаларын меңгеруге қызықтыру. Жұмыстарды жинақтап көрме көрсету.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапова: Келесі мәселе жазғы сауықтыру шараларымен, жоспарлауымен педагогтарды таныстырып, кімге қандай жауапкершілік жүктелгенін атап өтті. Балалар жазғы демалысты сезіну керек. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүйелі жүргізу қажет. Іс –шаралар түрлі ойындар, дидактикалық, музыкалық, зерттеу ойындары, спорттық жарыстар, жаттығулар енгізілді. Өткізілген іс – шара суреттерімен, құжаттарын өткізетіндігін айтты.

Шешім:

1. 8-наурыз, Наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.
2. Ортаңғы топтарындағы өткізілген тақырыпты тексеру ұсыныстарының орындалуы қадағалансын. Жауапты: әдіскер Б.Байжанова
2. Жазғы сауықтыру шаралары жүйелу, жауапкершілікпен өткізілсін. Жауапты: мед бике Ә.Жәнібек

